

3 шілде 2026 ж.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

Қазақ қызмет көрсетушілері өндірістің едәуір өскенін байқады, бірақ инфляция қысымы күшейді

3 Шілде 2026 ж.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

Мазмұны

Негізг тұжырымдар

Шолу

Пікір

Сұраныс, жұмыспен қамту
және әлеует

Инфляция

Қосалқы секторлар қызметі

Қазақстан бойынша аралас
PMI

Халықаралық PMI

Әдістеме

Қосымша ақпарат

Есеп туралы

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® қызмет көрсету көрсеткіштерін уақтылы баяндап отырады. Есепте жергілікті өндірушілердің өкілдер панелінен алынған сауалнама негізінде өндіріс, сұраныс, жұмыспен қамту, баға және жеткізу тізбегіндегі айлық өзгерістер қадағаланады.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

Маусым 2026

Іскери белсенділік пен жаңа тапсырыстар саны едәуір өсті

Қызметкерлер саны бұрынғыдан да қысқарды

Инфляция қарқыны қайта жеделдеді

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы қызмет
көрсету салалары
бойынша іскерлік
белсенділік PMI

Маусым 2026

53,5

Қызмет көрсету саласындағы PMI іскерлік белсенділік индексі - алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады және бұл «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы мен «өзгермеген» жауаптар пайызының жарты мәніне тең. 50-ден жоғары мән өткен аймен салыстырғанда өсім болғанын, ал 50-ден төмен мән кемуді білдіреді. Индекс маусымдық ауытқуларды ескере отырып түзетілген. PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін мына жерді [басыңыз](#).



ҚАЗАҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІЛЕРІ ӨНДІРІСТІҢ ЕДӘУІР ӨСКЕНІН БАЙҚАДЫ, БІРАҚ ИНФЛЯЦИЯ ҚЫСЫМЫ КҮШЕЙДІ

Freedom Holding Corp. PMI® соңғы деректеріне сай, маусымда Қазақстан бойынша қызмет көрсету секторындағы белсенділік артты. Бұл өсімге жаңа тапсырыстар санының едәуір артуы ықпал етті.

Іскери белсенділік пен жаңа тапсырыстар санының өскеніне қарамастан, қызмет көрсетушілер шығынды азайту мақсатында маусымда қызметкерлер санын тағы қысқартты. Маусымда ресурс құнының күрт әрі жедел көтерілуі және мамырға қарағанда дайын өнім бағасының анағұрлым күрт өсуі шығынды қысқарту шараларын қабылдауға түрткі болды.

Негізгі көрсеткіш — Іскери белсенділік индексі. Ол іскери белсенділік өткен аймен салыстырғанда қалай өзгергені туралы жалғыз сұрақ негізінде есептеледі. Индекс 0-ден 100-ге дейінгі аралықта құбылады: 50-ден жоғары мән өсімді, ал 50-ден төмен мән төмендеуді білдіреді. Индекс маусымдық ауытқуларды ескере отырып түзетіледі.

Freedom Holding Corp. ұсынған Іскери белсенділік индексі маусымда бейтарап 50,0 мәнінен жоғары болды. Индекс мамырдағы 52,7 мәнінен маусымда 53,5 мәніне дейін сәл өсіп, Қазақстанның қызмет көрсету секторында белсенділік біршама артқанын және бұл өсім алдыңғы зерттеу кезеңіне қарағанда айқынырақ болғанын көрсетті. Екінші тоқсандағы әр айда белсенділік өскені байқалды.

Респонденттердің жауабына сәйкес, бұл жолы іскери белсенділіктің артуына сұраныстың жақсаруы, тұтынушылар санының артуы және жаңа келісімшарттарға қол қойылуы ықпал етті.

Осы себептер маусымда Қазақ қызмет көрсетушілеріне түсетін тапсырыстың төртінші ай қатарынан тапсырыс артуына

негіз болды. Белсенділік секілді жаңа тапсырыстың өсу қарқыны да қомақты әрі мамырға қарағанда жедел болды.

Жаңа тапсырыстар мен өнім көлемі тұрақты өскеніне қарамастан, Қазақстанның қызмет көрсетуші кәсіпорындары маусымда қызметкерлер санын тағы қысқартқанын атап өтті. Жұмыспен қамту деңгейі қатарынан бесінші ай төмендеді, бұл жолғы жұмыс орнын қысқарту толқыны Қазақ қызмет көрсетушілердің қосымша шығынын азайтуға деген талпынысынан туды. Десе де, жұмыс орындарын қысқарту қарқыны бәсең және өткен сауалнама кезеңімен салыстырғанда әлсіз болды.

Респонденттер маусымда қызмет көрсету секторындағы шығынның өсуіне жалақыны өсіру де түрткі болғанын атап өтті. Сауалнамаға қатысушылар шикізат бағасының қымбаттағанын да жиі атап өтті. Осының барлығы осы сауалнама кезеңінде ресурс құнының қарқынды өсуіне әкеп тіреді. Алдыңғы айда біршама бәсеңдеген ресурс құнының инфляциясы мамырдан бастап қайта жеделдеді және ұзақ мерзімді орташа көрсеткіштен жоғары күйінде қалды.


Сол сияқты, маусымда қазақ қызмет көрсетушілерінің тарифі де айтарлықтай қарқында өсе түсті. Қаңтар айындағы рекордтық өсімнен кейін әр ай сайын бәсеңдеген инфляция қарқыны соңғы соңғы сауалнама кезеңінде қайта қарқын алды.

Алдағы 12 айға қызмет көрсету секторының белсенділігіне қатысты болжам туралы сауалға респонденттер жалпы оң көзқарас танытты. Қызмет көрсетушілер сұраныстың артуы мен маркетингтік бастамалар белсенділіктің артуына септігін тигізеді деп үміттенеді.

Салық заңнамасындағы өзгерістерге алаңдау мен геосаяси ахуалдың белгісіздігі нарықтағы көңіл-күйге қысым көрсеткендіктен, маусымда сенімділік деңгейі сәл де болса бәсеңдеді.

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI

Индекс, маус. түзету. >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Деректер 2026 жылдың 11-25 маусымы.
Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

PIKIP

Салтанат Мухамбеталиева, Freedom Holding Operations ЖШС Экономикалық зерттеулер және талдау бөлімінің басшысы:


"Қазақстанның қызмет көрсету саласы маусым айының қорытындысы бойынша өңдеуші салалардағы баяу серпін аясында экономиканың ең орнықты бөлігі болып қала берді. Соған қарамастан, іскерлік белсенділіктің салыстырмалы түрде жоғары деңгейі сақталғанымен, қызмет көрсету саласындағы компаниялар жұмысқа қабылдау мәселесінде әлі де сақтық танытып отыр.

Сонымен қатар, соңғы үш айда сатып алу және сату бағаларының субиндекстері арасындағы алшақтық 2020–2022 жылдарға тән деңгейлерге қайта оралып, маржиналдылыққа түсетін қысымды едәуір күшейтті. Осындай жағдайда нарық қатысушыларының сақталып отырған бірқалыпты оптимизмі төлем қабілетті сұраныстың біртіндеп қалпына келуіне және ресурстар құнының өсу қарқынының баяулауына деген үмітпен байланысты болуы мүмкін".

Байланысушы тұлға

Салтанат Мухамбеталиева
Экономикалық зерттеулер және
талдау басшысы
Freedom Holding Operations
saltanat.mukhambetaliyeva@frhc.group
Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI
Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



СҰРАНЫС, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

Маусымда Қазақ қызмет көрсету секторында жаңа бизнес өсімі жеделдеді.


Қатарынан төрт ай бойы тіркелген өсім айтарлықтай қомақты болды. Сауалнамаға қатысқан фирмалар бұл жолғы өсімге сұраныстың жақсаруы, жаңа клиенттер мен жаңа келісімшарттар ықпал еткенін мәлімдеді.

Маусымда қызметкерлер саны тағы да қысқарды, бұл жағдай қатарынан бесінші ай тіркелді. Бақылауға алынған кәсіпорындар жұмыс орындарын қысқартудың соңғы толқынын негізінен шығынды азайту шарасы деп түсіндірді.

Қызмет көрсетуші фирмалар алдағы 12

айда қызмет көлемі өседі деп күтеді. Маусымдағы сенім деңгейі алдыңғы аймен салыстырғанда аздап бәсеңдеді, оптимизм сауалнаманың орташа мәнінен төмен болды.

Кей респонденттер сұраныстың ұлғаюы мен маркетингтік бастамалар белсенділіктің артуына ықпал етеді деп үміттесе, өзгелері салық заңнамасындағы соңғы өзгерістер мен белгісіз геосаяси ахуал нарықтағы көңіл-күйге кері әсерін тигізді деп санайды.




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Болашақ белсенділік

Индекс, >50 = өсім күтіледі



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.




ИНФЛЯЦИЯ

Мамырда бәсеңсіген инфляция қысымы маусымда қайта жеделдеді.

Сауалнамаға қатысқан фирмалар шикізат пен жұмыс күшінің қымбаттауы шығынды ұлғайтқанын хабарлады. Ресурс құнының соңғы өсімі айтарлықтай жоғары болды.


Ресурс құнының өсуі қазақ қызмет көрсетушілерін маусымда қызмет ақысын

көтеруге мәжбүр етті. Дайын өнім құны инфляциясының қарқыны соңғы үш айда жеделдеп, жалпы жоғары деңгейде қалды.



■ Ресурс бағасы
■ Баға белгілеу

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СЕКТОРЛАРЫ

2025 жылғы наурыздан бері алғаш рет үш негізгі қызмет көрсету секторы маусымға дейінгі үш айда белсенділік өскенін тіркеді

Белсенділіктің артуы жөнінен жылжымайтын мүлік компаниялары тағы да көш басында, өсім тұтынушыға қызмет көрсету саласынан сәл жоғары болды. Сонымен қатар көлік және қоймалау саласында белсенділік аздап ұлғайды, бірақ соңғы 15 айдағы алғашқы өсім тіркелді.

Жаңа тапсырыстар санының артуы жылжымайтын мүлік пен тұтынушылық қызмет көрсету секторларында байқалды, ал көлік және қоймалау саласында жаңа тапсырыстар саны негізінен тұрақты деңгейде қалды.


Жылжымайтын мүлік секторында қызметкерлер санының кезекті қысқаруы, жұмыс орындарын азайту барлық салада тіркелгенін көрсетті.

Бағаға келсек, маусымда мониторингтегі ең ірі үш қызмет көрсету секторының әрқайсысында инфляция қарқыны жеделдеді. Тұтынушылық қызмет көрсету саласында ресурс құны күрт көтерілді. Десе де, жылжымайтын мүлік компанияларында баға қатты көтерілді.


Болашаққа көз жүгіртсек, барлық үш сектор да алдағы 12 айда қызмет көрсету көлемі өседі деген оптимистік күйде, бұл ретте сенім барлық салада күшейген.

- Тасымалдау және қоймада сақтау
- Тұтыну қызметтері
- Жылжымайтын мүлік және Іскерлік қызметтер


Іскери белсенділік
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Жаңа бизнес
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Жұмыспен қамту
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Болашақ белсенділік
Индекс, >50 = өсім күтіледі



Ресурс бағасы
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Баға белгілеу
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Ескерту: Сектор индекстерін түзетуге үш айлық көшпелі орташа көрсеткіштер әсер етті (3 ақп.).

Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРАЛАС PMI®

Маусымда Қазақстанның қызмет көрсету секторы жеке сектордағы өсімді жалғастырды

Қазақстанның Аралас PMI Өндіріс индексі* маусымда қатарынан үш ай бойы өскенін тіркеді. Мамырдағы 51,4 мәнінен сәл көтеріліп, 51,6-ге жетті, бұл қызмет көлемінің бірқалыпты ұлғайғанын аңғартады және соңғы 11 айдағы ең жоғары өсім болды.

Жеке сектордағы өнім көлемінің артуы тағы да негізінен қызмет көрсетуші сектордың есебінен болды. Ал, өңдеуші өнеркәсіптегі құлдырау тереңдей түсті.

Жаңа тапсырыстар бойынша жағдай осыған ұқсас, мамырдан бастап өсім қарқын алды, негізгі деректер бұл өсімге

қызмет көрсету секторы ықпал еткенін көрсетті.

Бұған қоса, аралас деңгейде жұмыспен қамту аздап қысқарғаны байқалды. Қысқару қарқыны алдыңғы аймен салыстырғанда өзгеріссіз қалды.


Бағаға келсек, маусымда ресурс құны мен қызмет көрсету ақысы бірдей жедел қарқынмен өсті. Қызмет көрсетуші фирмалар өңдеуші өнеркәсіптегі әріптестеріне қарағанда баға қысымына көбірек тап болды.

Осылайша, жеке сектордағы компаниялар келер жылы өнім көлемі өседі деген сенімде. Дегенмен оптимизм соңғы төрт айдағы ең төменгі деңгейде қалды.

*Аралас PMI индексі өндірістегі өнім өндіру және қызмет көрсету PMI салыстырмалы индекстерінің орташа мәні негізінде есептеледі. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Қазақстанның Аралас қуат Индексі - Қазақстанның өндірістегі өнім өндіру индексі мен Қазақстанның Қызмет көрсету іскери белсенділік индексінің орташа мәні.

■ Аралас өндіріс

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. S&P Global Market Intelligence арқылы Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі ©2026 S&P Global.



■ Аралас

Өндіріс

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ Өнім өндіру

Жаңа бизнес

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ қызметтері

Болашақ өндіріс


Индекс, >50 = өсім күтіледі



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ Жұмыспен қамту


Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ Ресурс бағасы


Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ Дайын өнім бағасы

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.


Ескерту: Сектор индекстерін түзетуге үш айлық көшпелі орташа көрсеткіштер әсер етті (3 ақ).



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ PMI

Аралас өндіріс (өнім өндіру және қызмет көрсету)
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)


05/2026



Америка

■ US ■ CA ■ BR

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Еуропа, Таяу Шығыс және Африка

■ EZ ■ GB ■ RU ■ SA* ■ NG** ■ ZA**

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Азия-Тынық мұхит аймағы

■ CN ■ JP ■ IN ■ AU ■ SG*

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Белгі (мәні)

US Құрама Штаттары
CA Канада
BR Бразилия

EZ Еуроаймақ
GB Біріккен Корольдік
RU Ресей

SA Сауд Арабиясы*
NG Нигерия**
ZA Оңтүстік Африка**

CN Қытайдың ішкі өлкесі
JP Жапония
IN Үндістан

AU Аустралия
SG Сингапур*

*Қамтылған салалар арасында құрылыс, көтерме және бөлшек сауда бар. **Қамтылған салалар арасында ауыл шаруашылығы және энергетика бар.

■ Дамыған елдер

■ Дамушы елдер

X осі = PMI, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған. Y = алты айлық орташа мәнмен салыстырғанда PMI өзгерген

05/2026



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Кеңею

Аймақтардағы өсім қарқыны алты айлық кезеңге қарағанда жеделдеді. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең жоғарыда тұрған аймақтар анағұрлым жедел өсім көрсетті.

Баяулау

Алты айлық кезеңге қарағанда баяу қарқынмен өсім көрсеткен аймақтар. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең төменде тұрған аймақтарды өсім анағұрлым саябырлады.

Қысқару

Алты айлық кезеңге қарағанда жедел қарқынмен қысқарған аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, ең төменде тұрған аймақтарды қысқару қарқыны барынша тез болды.

Қалпына келу

Алты айлық кезеңге қарағанда қысқару баяу қарқында жүрген аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, жоғарыда тұрған аймақтардағы қысқару қарқыны айтарлықтай саябырлады.

Белгі (мәні)

AE Біріккен Араб Әмірліктері	CA Канада	FR Франция	HK Гонконг ҚХР*	JP Жапония	MZ Мозамбик*+	SA Сауд Арабиясы*	ZA Оңтүстік Африка*+
AU Аустралия	CN Қытай	DE Германия	IE Ирландия	KE Кения*+	NG Нигерия*+	SG Сингапур*	ZM Замбия*+
BR Бразилия	EG Египет*	GB Біріккен Корольдік	IN Үндістан	KZ Қазақстан	QA Қатар*	UG Уганда*+	
	ES Испания	GH Гана*+	IT Италия	LB Ливан*	RU Ресей	US Құрама Штаттары	

*Қамтылған салалар арасында құрылыс, көтерме және бөлшек сауда бар. +Қамтылған салалар арасында ауыл шаруашылығы және энергетика бар.

ӘДІСТЕМЕ

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жаберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген.

Қамтылған салалар арасында тұтыну (бөлшек саудадан басқа), көлік, ақпарат, коммуникация, қаржы, сақтандыру, жылжымайтын мүлік және бизнес қызметтер бар. Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік. Бұл алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексі өндірістегі өнім өндіру индексімен пара-пар. Ол «Қызмет көрсету бойынша PMI» аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.


Аралас Өндірістік Индекс- Өндірістегі өнім өндіру индексі мен Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексінің орташа мәні. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Аралас Өндірістік Индекс «Аралас PMI» деп аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

Индекс түсіндірмесі

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Белгі (мәні)

1	Өзгеріссіз кезеңнен кейін өсім бар	6	Өзгеріссіз кезеңнен кейін құлдырау
2	Өсім бар, жедел қарқынмен	7	Құлдырау, жедел қарқынмен
3	Өсім, ұқсас қарқынмен	8	Құлдырау, ұқсас қарқынмен
4	Өсім, баяу қарқынмен	9	Құлдырау, баяу қарқынмен
5	Өсім бар, өзгеріссіз қалған	10	Құлдыраудан соң, өзгеріссіз

Сауалнама ауқымы

250 қызмет көрсетуші

Сауалнама тарихы

2019 ж. наурыз айы

Сауалнама сұрақтары

Іскери белсенділік, жаңа бизнес, жаңа экспорттық бизнес, болашақ белсенділік, жұмыспен қамту, үлгілі бизнес, ресурс бағасы, баға белгілеу.

Қамтылған секторлар

Халықаралық стандартты салалық жіктеу (ISIC) коды.

H Тасымалдау және қоймаға сақтау

I Орналастыру және тамақтандыру саласындағы қызмет

J Ақпарат және коммуникация

K Қаржы және сақтандыру қызметтері

L Жылжымайтын мүлік саласындағы қызмет

M Кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер

N Әкімшілік және қолдау көрсету қызметтері

P Білім беру*

Q Денсаулық және әлеуметтік жұмыс саласы *

R Өнер, ойын-сауық және демалыс

S Өзге де қызмет салалары

*Тек жеке сектор

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртараптандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 11,3 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 21 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Байланысушы тұлға

Салтанат Мухамбеталиева
Экономикалық зерттеулер және талдау басшысы
Freedom Holding Operations
saltanat.mukhambetalieva@frhc.group
Freedom Holding Corp.

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Марьям Балуч
Экономист
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1344 327 213
maryam.baluch@spglobal.com

Корпоративті коммуникация
S&P Global Market Intelligence
press.mi@spglobal.com

Ханна Брук
EMEA елдері бойынша
коммуникация менеджері
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1344 327 213
hannah.brook@spglobal.com
press.mi@spglobal.com

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдаспа деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»). Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік , міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.